

Берниселік  
Мектебе

## «Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы.

### «Алтын күз!»

(мерекелік шараптар)



Орындаған:

Тәрбиеші: Искакова.Ж.М.

2021жыл.

## «Алтын күз»

**Безендіру:** Ойын залы мерекеге сай безендірілді.

**Кейіпкерлер:** Күз патшайымы және балалар көкөністер мен жемістер болып киінді.

Балалар «Мерекелі, берекелі алтын күз» музыкаменсымен қол ұстасып саппен билеп залға кіріп, орындарына орналасты.



**Тәрбиеші:** Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар, ұстаздар және балалар.

Сары жібек көйлегін желбіретіп,  
Жапырағын агаштың селбіретіп.  
Тойға бөлеп елімізді күзім келді,  
Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп.-дей отырып бүгінгі

болатын біздің Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын! Ендеше біз «Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бағтаймыз.

Бүгін біздің балаларымыз күзгі баққа саяхатқа келіп отыр.

Балалар бүгін бізге қонаққа күз патшайымы келіпті, қане, балалар баріміз бирге орнымыздан тұрып күз патшайымын қарсы алайық.

(Балалар орындарынан тұрып күз патшайымымен амандасады)



**Күз патшайымы:** Сәлеметсіздерме, балалар мен күз патшайымы боламын. Сендерге алыс жерден келдім, мені сендерге күз патшасы жіберді. Балалар сендердең қандай өнерлерің бар, мен сендердің өнерлерінді көруге келдім, менің тамаша өнер көрсеткен балаларға арналған сыйлықтарым бар. Балалар, сендер өнер көрсетуге дайынсындарма?

**Балалар:** (дайынбыз) деп жауап берді.

**Тәрбиеші:** Балалар біз күз патшайымын төрге отырғызыайық.  
(күз патшайымы төрдегі орындыққа орналасады).

Балалар күз патшайымы ең алдымен сендердің өнерлерінді тамашалағысы келеді.  
Қане, балалар дайындаған көріністерімізді көрсетейік.

### **Көрініс: «Кекөністер айтысы»**

Бір күні Бағбан кекөністер теруге бақшасына барды. Кенет бақшаның ішінен күбірлеген дыбыстар естілді, таң қалған Бағбан бұл ненің дыбысы екен деп тыңдаса, кекөністер адамдарға «мен пайдалымын, мен пайдалымын» деп айтысып жатыр екен.

Ең алдымен сөзді сәбіз бастады.



**(Сәбіз) Нұрханқызы Шамшынаһар**

Адам бойын өсірем,  
Ауруын көздің кетірем.  
Бойшаң сұлу сәбізбін,  
Күн көзімен жетілем.

**(Кияр) Байнияз Бексұлтан**

Сөлді, дәмді қиярмын,  
Дәрумен бойға жиярмын.  
Салаттың менсіз сәні жок,  
Кез-келген жерге сиярмын.

**(Картоп) Марат Санжар**

Адам жеуін тыймайды,  
Картопты кузде жинайды.  
Төресі деп жемістің,  
Мына мені сыйлайды.

**(Қарбыз) Сәрсенбай Жанел**

Шөлдесе шөлі қанатын,  
Бүйрекке шипа табатын.  
Адам үшін пайдалы,  
Жоғары менің санатым.

**(Пияз) Шилібек Дінмұхамед**

Жасауратып көзіңді,  
Ауруға қылам төзімді.  
Мыңда бір шипа пиязбын,  
Серт қылам осы сөзімді.

**(Қырыққабат) Бақыт Әлинұр**

Емдік шипам көп менің,  
Тамақтада текті едім.  
Жиірек мені жесендер,  
Семіздіктен шектермін.

**(Алма) Қонысбекқызы Алтынайым**

Алма деген арумын,  
Темірдің көзі-дәрумін.  
Сақталамын тым ұзақ,  
Сондықтан мен тәуірмін.

**(Асқабақ) Жұбаныш Әбілмансұр**

Ішім сары, сыртым қатты,  
Дәнім-дәрі, дәмім-тәтті.  
Пісіріп жесен ас-тамақ,  
Менің атым асқабақ.

**(Қызылша) Бердібек Көзайым**

Қызылша деген атым бар,  
Қант берер затым бар.  
Адам қанын көбейтем,  
Ал сендер тыныш жатындар.

**Бағбан:**

Таласпаңдар қойындар,  
Араздықты жойындар.  
Бәрің қымбат мен үшін,  
Бағбанбыз гой мойындар.  
Алаласам егерде,  
Сендерге су берем бе.  
Жидегің бар жемісің,  
Тәттісіңдер жегенге.

Мәпеледім баладай,  
Әрқайсыңа алаңдай.  
Жайқалып тек осіндер,  
Қаңку сөзге талаңбай. -деп Багбан бақшадан шығып кете барады.  
**Тәрбиеші:** күз патшайымы сізге ариап балалар «Алтын күз» әнін айттып бермекші.

**Ән: «Алтын күз» (хор)**

**Тәрбиеші:** Балалар күз мезгілінде түрлі дәмді жемістер піседі, олардың пішіндері әртүрлі болып келеді, соған байланысты «**Үстап корда, атын айт**» ойынын ойнап жіберейік балалар.

**Ойын: «Үстап корда, атын айт»**



**Шарты:** Балалардың көздері байланып, қолымен ұстап көріп, сезіну арқылы қандай жеміс екенін табу.

**Тәрбиеші:**

Карсы алайық қол соға,  
Өнерлі жас қашама.  
Мың бұралып билеген,  
«Қолшатыр» биімен ортада.

**Би: «Қолшатыр»**



**Тәрбиеші:** Күз патшайымы сізге біздің балалардың өнерлері ұнады ма?

**Күз патшайымы:** Иә, өте өнерлі балалар екен.

**Ізтлеуов Алдияр**

Күзде жайнап ашыла,  
Күннің нұры көшкендей.  
Алма ағаштың басына,  
Қызыл қарбыз өскендей.

**Қасымхан Әдемі**

Алтынға бояп өнірді,  
Күзде келді көңілді.  
Бау-бакша мен орманды,  
Сары жапырақ төгілді.

**Тәштлеуов Атамбек**

Қыркүйек, қазан, қараша,  
Күздің бұлар айлары.  
Үлкендер қуаныш балаша,  
Егіндерін жинайды.

**Төребек Әлинұр**

Ой балалар, балалар,  
Қонырқай күз келіпті.  
Курап жапырақ солыпты,  
Ел егінін орыпты.

**Жұбаныш Айлин**

Алтын, сары, қызыл, көк,  
Алуан-алуан жапырақ.  
Күзгі бақта күлімдеп,  
Көз тартады жалтырап.

**Жұбаныш Асылым**

Алма пісіп, алмұрт тұсіп,  
Күзде бақтар жайнайды.  
Құстар қайтып, қош айтисып,  
Қимас ұнмен сайрайды.

**Бердібек Бексұлтан**

Күзім-ау, күзім-ау,  
Мінезің бұзық-ау.

Жаңбырың сіркіреп,  
Келгенің қызық-ау.

**Арыстанова Қарақат**  
Жап-жасыл тал мынау,  
Сары шапан киіпті-ау.  
Айнала тұнжырап,  
Қабағын аспан түйіпті –ау.

**Тәрбиеші:** Балалар күз мезгілінде түрлі дәмді жемістер піседі, олардың дәмдері әр-түрлі болып келеді, соған байланысты «Дәмін татта, атын айт» ойынын ойнап жіберейік балалар.

**Ойын: «Дәмін татта, атын айт»**



**Шарты:** Балалардың көздері байланып, дәмін және ісін сезіну арқылы қандай жеміс екенін табу.

**Тәрбиеші:** Балалар далада құстардың дауыстары естилип жатыр, тындаңдаршы қане, балалар біз «қарлығаш» әнін айтып жіберейік.

**Ән: «Қарлығаш»**

Осымен күзгі баққа саяхатымыз аяқталды. Балалар сендерге Күз патшайымы сыйлықтарын үлестіреді.

Күз патшайымын алғыс білдіріп шығарып саламыз.  
(Осы кезде әуен ойналып, Күз патшайымы қоштасып кетеді)

**Балалар:** Қош бол Күз патшайымы.

**Тәрбиеші:** Күздің кереметі, байлықтары өте көп. Күзде біздің дастарханымыз дәнді-дақылдарға, көкөністерге, жеміс-жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін көп еңбек ету керек, сонымен құрметті қонақтар және балалар, бүгінгі біздің «Алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Сіздерді күз мерекесімен құттықтаймын, әр отбасыға бақыт-береке тілеймін.

Көріскенше сау болыңыздар!